

*ҚР Білім және Ғылым министрлігі
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
Тарих, экономика және құқық факультеті*

Бюджеттік жүйе

*Орындаған: Ерболатова Гүлбану
09305 “есеп және аудит” тобы
Тексерген: Ахонова Г. К.*

*Орал қаласы
2016 жыл*

Жоспары:

- 1. Бюджет түсінігі.*
- 2. Бюджет түрлері мен деңгейі.*
- 3. Бюджеттік жүйенің қызмет ету принциптері.*
- 4. Бюджеттік құрылым. Бюджеттік қатынастар мен бюджетаралық байланыстар.*
- 5. Бюджеттік процесті ұйымдастырудың негізі. Бюджеттік процестердің кезеңдері.*

Бюджет – ол жалпы қаржы категорияға қарағанда бөлек, ерекше тұрған экономикалық категория. Бюджеттік жүйе – мемлекеттің барлық қаржы жүйесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады. Бюджеттік жүйе экономикалық категория ретінде мемлекеттің орталандырылған ақша қорын – бюджетті қалыптасу мен пайдалану бойынша заңды, жеке тұлғалар мен аймақтар арасындағы барлық қаржылық қатынастар, бюджеттік қалыптасу мен атқарудың әдіс тәсілдері және сол қатынастарды басқару органдарымен қатысты.

•2005 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында күшіне енгізілген жаңа Бюджеттік кодекстің 6-бабына сәйкес ҚР-ның бюджеттік жүйе құрамына келесі бюджет түрлері мен деңгейлері кіргізілген:

- республикалық бюджет*
- облыстық бюджеті, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бюджеті*
- аудан бюджеті*

Бюджеттік жүйе қызмет атқаруының негізгі келесі қаржылық қатынастары:

- мемлекеттің кәсіпорындармен орталықтандырылған ақша қоры қалыптасу процесі жөнінде;*
- мемлекеттің өндірістен тыс саласының мекемелерімен бюджет тарапынан қаржыландыру жөнінде;*
- мемлекеттің халықпен бюджет кірісін қалыптасу және әр түрлі өтемақы төлеу мен әлеуметтік жәрдем жасау жөнінде;*
- қаржы-банк жүйесінің мекемелері арасында;*
- мемлекеттің шетелдік мемлекеттермен.*

Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі ынтымақтық, толығу, бірізділік, басымдылық, шынайшылық, жайдарылық, дербестік, жауаптылық, тиімділік және нәтижелілік принциптерге негізделеді. Бұл принциптер арасында басты болып ынтымақтық және дербестік принциптері саналады, олар бюджеттік процесті ұйымдастырудың да негізгі принциптері болып саналады.

Ынтымақтық принципі – бюджеттік жүйенің ұйымдастыру-экономикалық орталықтандыру дәрежесін көрсетеді. Республика аумағында әрекет жасайтын мемлекеттік кірістер мен мемлекеттік шығыстар жалпы біріңғай жүйесі бар екені осы ынтымақтық принцип арқылы дәлелденеді.

Толығу принципі – бюджеттер мен Ұлттық қорда республиканың заңнамаларымен қарастырылған, объективті және сенімді көрсеткіштер негізіндегі кірістер мен шығыстар толық көлемінде болуын қадағалайды.

Шынайшылық принципі деген бюджеттің қабылданған көрсеткіштерінің республика мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ортамерзімді жоспарлары және ортамерзімді фискалдық саясаттың бекітілген параметрлері мен бағыттарға сәйкестігі.

Бюджет жүйесінің жайдарылық принципі бекітілген бюджет пән оны атқару есебі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын керек етеді.

Бюджеттердің дербестік принципі маңында олардың кірістері өзіндік қайнар көздерінің түсімдері арқылы қалыптастыру мен сол кірістер көлемінде ғана пайдалану бағыттары анықталуы түсініледі.

Бюджеттік құрылым – ол елдің мемлекеттік бюджеті мен бюджеттік жүйені ұйымдастыруы және олардың өзара байланысының ұйымдастырушылық формалары. Бюджеттік құрылым елдің мемлекеттік құрылымдық формасымен анықталады және биліктің орталық пен жергілікті органдарының республикалық және жергілікті бюджеттерді құрастыру, қарау, бекіту мен атқару, кірістер мен шығыстарды бөлу жөніндегі өкілеттіліктерін реттейтін құқықтық нормаларға негізделеді.

•Егеменді мемлекеттің бюджеттік процесі әрекеттегі бюджеттік заңнамаларға сәйкес ұйымдастырылады. Республикада бюджеттік процесті ұйымдастыру келесі принциптерге негізделеді:

•тұтастық – оның маңында біріңғай құқықтық база, бюджеттік жіктелу, бюджеттік пен статистикалық ақпаратқа қажетті бюджеттік құжаттар формаларының бірлігі және ақша жүйесінің бірлігі

•дербестік – оның маңында бюджеттік процеске әрбір қатысушы өз әрекетін өз еркі ұйымдастырады және сол әрекет кірістердің өзіндік қайнар көздері барлығымен және оларды пайдалану бағыттарын анықтайтын құқықпен қамтамасыз етуіне

•теңгерушілік – оның маңында барлық бюджеттердің кірістері мен шығыстары арасындағы арақатынастарды дұрыс тағайындауында